

Қаратал ауданы бойынша барлық салық төлеушілер үшін 2014-2016 жылдарға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 03 сәуірдегі N 29-125 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 16 сәуірде N 2673 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 45-184

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының
24.04.2015 № 45-184.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратал ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкалары қосымшаға сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 07 мамырдағы N 24-98 "Қаратал ауданы аумағында бекітілген базалық ставкалары шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2009 жылдың 10 маусымында 2-12-107 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 19 маусымдағы аудандық "Қаратал" газетінің 26 (7030) нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, заңдылық, құқықтық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

В. Ли

Мәслихат хатшысы:

Б. Смаилов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қаратал ауданы бойынша
салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
Алтынхан Кемалшанұлы Нұрланов

басшысы

03 сәуір 2014 жыл

Қаратал аудандық мәслихатының
2014 жылғы 03 сәуірдегі N 29-125
"Қаратал ауданы бойынша барлық
салық төлеушілер үшін 2014-2016
жылдарға арналған бірыңғай
тіркелген салық ставкаларын
белгілеу туралы" шешіміне
қосымша

**Қызметін аудан аумағында жүзеге асыратын барлық салық
төлеушілер үшін 2014-2016 жылдарға арналған бірыңғай тіркелген
салық ставкларының мөлшері**

Реттік N	Салық салу объектісінің атауы	Қаратал ауданы бойынша айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы.	2
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы.	2
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	2
4.	Ойын жолы	10
5.	Карт	5
6.	Бильярд үстелі	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК